

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Сергеевка қаласының құрамдас бөліктерін қайта атау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 18 наурыздағы № 42 және Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2019 жылғы 18 наурыздағы № 35/2 бірлескен қаулысы мен шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 20 наурызда № 5261 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 5-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Сергеевка қаласы халқының пікірін ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 9 қаңтардағы қорытындысы негізінде Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Сергеевка қаласының мынадай құрамдас бөліктері:

- 1) Мир көшесі Бейбітшілік көшесі;
- 2) Пригородная көшесі Ғалым Қадыралин атындағы көше;
- 3) Чапаев көшесі Алексей Брагин атындағы көше;
- 4) С.Разин көшесі Павел Свечников атындағы көше;
- 5) Интернациональная көшесі Герольд Бельгер атындағы көше;
- 6) Полярный тұйық көшесі Қалымжан Хабдулин атындағы тұйық көше деп қайта аталсын.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім олардың бірінші ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданының әкімі

Н. Есімов

Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданы
мәслихатының
XXXV сессиясының төрағасы

С. Окунев

Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданы
мәслихатының хатшысы

Ө. Әмрин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК